

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз  
университетінің  
президенті, т.ғ.д.

Н. Муслимов


«23» желтоқсан 2024 ж.



**ГРАНТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЕСЕП  
БЕРУІН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ БАҚЫЛАУ ТӘРТІБІ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ  
СМЖЕ 4-2-3-2023**

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым


Тараз 2024 ж.

 SHEKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-3-2023
	Гранттық жобаның орындалуы бойынша есеп беруін қадағалау тәртібі туралы ережесі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы	СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚҮ 17-2023

### АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Әзірлегендер:**
- Университет ректоры М.Н. Сарыбеков
  - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының басшысы М. М. Әбутәлипов
- 2 Келісілді:**
- Стратегия, ғылым-инновация және сыртқы байланыс жөніндегі проректоры А.Е. Кудайбергенов
  - Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының басшысы К.М. Сихаева
  - Заң басқармасының басшысы Е.Е. Матжанов
  - Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева

*Университет Ректорының 12.12.2024 ж. № 07 бұйрығымен бекітілді және іске қосылды.*

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-3-2023
	Гранттық жобаның орындалуы бойынша есеп беруін қадағалау тәртібі туралы ережесі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы	СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚҮ 17-2023

### МАЗМҰНЫ

№		беті
1.	Қолданылу саласы.....	4
2.	Нормативті сілтемелер.....	4
3.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар.....	4
4.	Жауапкершілік және өкілеттілік.....	4
5.	Жалпы ережелер.....	4
6.	«Жоба жұмысын қадағалау және оны бақылау» үдерістік бағытын тағайындау.....	5
7.	Жобаның орындалу барысын жоспармен салыстыру.....	5
8.	Жобаларды жүзеге асыру және қадағалау.....	5
9.	Өзгерістерді енгізу тәртібі.....	6
10.	Келісу, сақтау және тарату.....	6
11.	Келісу парағы.....	7
12.	Танысу парағы.....	8
13.	Тарату парағы.....	9
14.	Өзгерістер енгізу парағы.....	10

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің (ары қарай- Университет) Жоба жұмысын қадағалау және оны бақылау тәртібі туралы ережесі (бұдан былай-Ереже) Университет профессор-оқытушы құрамының (бұдан былай ПОҚ) және ғылыми қызметкерлерінің жоба жұмыстарын қадағалау және бақылау мақсатында әзірленген.

1.2 Осы Ереже Университет профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің жоба жұмысын қадағалауда және бақылауда негізгі құрал болып табылады.

1.3 Осы Ереже Университет Президентінің бұйрығымен бекітілген қызметтегі өкілдеріне және Университет профессор-оқытушы құрамы мен ғылыми қызметкерлеріне қолданылады, университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне ендіріледі.

## 2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Университеттің осы Ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- ҚР 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы;
- ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 Қаулысымен бекітілген «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасы»;
- ҚР ҒЖЖБМ Ғылым комитетінің Ережесі 31.07.2014 ж.

## 3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Осы Ережеде томендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:


- ҚР-Қазақстан Республикасы;
- ҚР ҒЖЖБМ-Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- ҒК-Ғылым комитеті ;
- ПОҚ-профессор-оқытушы құрамы;
- ЖОО-Жоғары оқу орындары;
- Университет-Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті;
- УҒТК-Университеттің Ғылыми-Техникалық кеңесі;
- УҒТАО-Ұлттық Ғылыми-Техникалық Ақпарат орталығы.

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

Университеттің осы Ереже талаптарын енгізілуін ұйымдастыруға стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры өкілетті болып табылады. ҚР ҒЖЖБМ Нормативтік құжаттар және Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің Ережелерінің орындалу жауапкершілігі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар департаментіне жүктеледі.

## 5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 Қаулысымен бекітілген Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметті базалық,

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-3-2023
	Гранттық жобаның орындалуы бойынша есеп беруін қадағалау тәртібі туралы ережесі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы	СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚҮ 17-2023

гранттық бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасына және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңына сәйкес университет Жарғысы негізінде жауапкершілігі жоғары ғылыми-зерттеу жобаларын қаржыландыру мақсаттарында әзірленген.

5.2 Ереженің негізгі мақсаты: университет ғылымының инновациялық басымдылық бағыттарда әлемдік зерттеулерге кірігуін қолдау, университетіміздегі ғылыми әлеуетін арттыру.

5.3 Инновациялық ғылыми-зерттеу жобалары ҚР ҒжЖБМ тарапынан гранттық бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру байқауының негізінде ұтып алынған ғылыми жобалардың орындалуын қадағалау, сараптамадан өткізілгені бойынша шешім қабылданады.

## **6. «ЖОБА ЖҰМЫСЫН ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ БАҚЫЛАУ» ҮДЕРІСТІК БАҒЫТЫН ТАҒАЙЫНДАУ**

6.1 «Жоба жұмысын қадағалау және оны бақылау» үдерістік бағытын тағайындау мақсаты жоба барысын түсіну үшін дұрыс мағлұмат беру болып табылады, ол жоба жұмыстарында жоспардағы ауытқуларды басқарушының қадағалап отыруына ықпал жасайды.

Бұл саладағы басты мәселе жобаның жоспарлы жұмысындағы үдерістік бағыттың, жұмсалған күштердің, күралдардың көрсеткіштерін салыстыру жолымен және жоспар бойынша графиктің сәйкестігімен қадағаланады. Бақылау үзіліссіз және тұрақты түрде жүргізіледі.

Жоба жоспарынан ауытқуы болса, онда осы бағытта түзету жұмыстарын орындауды талап етеді.

Болуы мүмкін түзетуші әрекеттер:

- ағымдағы жоспарды қарау және оған өзгерістер енгізу үшін ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитетіне ұсыныс жасау;
- жобаны тоқтата тұру және жаңа міндеттерді анықтау үшін ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитетіне ұсыныс жасау;
- жоба үдерісін қозғайтын немесе қатысты кез келген басқа да іс-шаралар.

## **7. ЖОБАНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫН ЖОСПАРМЕН САЛЫСТЫРУ**


Жобаның ағымдағы орындалуын анықтау және оны жоспармен салыстыру арқылы орындалуын бақылау:

- Жобаның маңызды көрсеткіштерін бақылау;
- Жоба бойынша міндеттемелерді бақылау;
- Жоба тәуекелдерін бақылау;
- Жобаның орындалуын талқылау;
- Жобаның бақыланатын орындарын талдау.

## **8. ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ**

8.1 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (жобаны) жүзеге асыру үшін университет президенті мен ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті арасында келісім-шарт жасалады.

8.2 Жоба мерзімі үш жыл (аралық есеп әр 12 айда беріледі). Жоба жетекшісі әр алты ай сайын жобаның орындалу барысы туралы жоба жетекшісінің қолымен расталған есепті Ғылым бөліміне тағсыруға міндетті және ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитетіне жіберген

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-3-2023
	Гранттық жобаның орындалуы бойынша есеп беруін қадағалау тәртібі туралы ережесі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы	СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҰК ҚҰ 17-2023

Аннотациялық есептері мен Актілерді Ғылым бөліміне де өткізуі тиіс. Егер бір жыл ішінде жобаға қатысты (жоспарланған) жұмыстар орындалмаған жағдайда ИҒТК шешімі бойынша ҚР ҒЖЖБМ Ғылым комитетіне жобаның қаржыландырылуын тоқтату туралы ұсыныс беріледі.

8.3 Жобаның аралық және қорытынды есебі ҚР ҒЖЖБМ Ғылым комитетімен жасасқан келісім-шарт бойынша әр жылдың 10 қарашасына дейін Ғылым комитетіне өткізілуі тиіс, сондықтан әр жылдың қазан айының бірінші аптасында гранттық жоба жетекшілері салааралық ғылыми-техникалық кеңестерде орындаған ғылыми жұмыстары бойынша есеп береді. Сала аралық ғылыми-техникалық кеңес төрағалары университет ғылыми-техникалық отырысында (есебі туралы) мәлімет береді. Бұл УҒТКН-де талқыланады, Кеңестің шешімімен уәкілетті органдарға тапсырылады.

8.4 Жобаға қатысты кез келген құжаттары Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы арқылы мақұлданып. Университет президенті немесе Стратегия, ғылым-инновация және сыртқы байланыс жөніндегі проректор қолымен расталады және кез келген бөлімдер мен мекемелерге ұсынылады.

8.5 Жоба есептері ҚР ҰҒТАО-нан тексеруден өтіп, мақұлданған соң Ғылым бөліміне бір нұсқасы өткізіледі.

## 9. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу Ғылыми кеңес шешіміне сәйкес жүзеге асады.

9.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

## 10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Бұл Ереже Университеттің Ғылыми мәжілісі шешімімен бекітілді.


10.2 Осы Ереженің бақылау данасы Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасында, жұмыс данасы Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасында сақталады.

10.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасына жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндетті түрде факультеттер мен кафедралар, ҒЗО-ға жолданады.

Ғылыми жұмыстар және халықаралық  
байланыстар басқармасының басшысы



М.М. Әбутәлипов

 <b>ITU</b> ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-3-2023
	Гранттық жобаның орындалуы бойынша есеп беруін қадағалау тәртібі туралы ережесі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы	СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚҮ 17-2023

### 11. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
<b>Келісілді:</b>			
Стратегия, ғылым-инновация және сыртқы байланыс жөніндегі проректоры	А.Е. Кудайбергенов		19.12.2024 ж.
Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының басшысы	К.М. Сихаева		19.12.2024 ж.
Заң басқармасының басшысы	Е.Е. Матжанов		19.12.2024 ж.
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		19.12.2024 ж.





